

Оның саяси белсенділігі мен шығармашылығы қазақстандық қоғамға үлкен әсер етті [7]. Болат Атабаев 2021 жылы 29 шілдеде қайтыс болды. Оның өлімі қазақ қоғамы үшін үлкен қайғы болды. Атабаевтың мәдениет пен саясаттағы еңбегі қазақ халқының ұлттық санасын оятуға және рухани жаңғыруға қосқан үлесі ретінде есте қалды. Ол да қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығып, белсенді азаматтық ұстанымымен ерекшеленді. Ол шығармалары арқылы саяси және әлеуметтік мәселелерді көтеріп, қоғамды ойландыруға ықпал етті [8].

Арон Атабек пен Болат Атабаев – Қазақстанның заманауи тарихында еркіндік, әділдік пен ұлт мүддесі үшін күрескен батыр тұлғалар. Олардың өмірі, күрескерлігі мен шығармашылығы Қазақстанның саяси және мәдени өмірінде ерекше орын алады. Бұл тұлғалардың тағдыры қазақ халқының еркіндікке ұмтылысымен тығыз байланысты. Арон Атабек – ақын, жазушы және саяси белсенді, ал Болат Атабаев – театр режиссері, драматург және қоғам қайраткері. Екеуі де билікке сын айтып, қазақ халқының құқықтарын қорғап, өз өмірлерін сол күреске арнады. Бұл баяндамада олардың өмірі мен қызметі, күресі мен шығармашылығы жан-жақты қарастырылып, қазақ тарихындағы ролі талданады [9].

Қазақстанның тарихында ұлттық сана мен ұлттың дамуына, тәуелсіздік үшін күреске өзін арнаған көптеген тұлғалар болған. Олардың қатарында Арон Атабек пен Болат Атабаев ерекше орыналады. Бүлекітұлға ХХІ ғасырда қазақ халқының мәдениеті мен саясатының дамуына үлкен ықпал етті. Арон Атабек пен Болат Атабаевтың өмір жолы күрделі әрі қайшылыққа толы болды, олар өз заманының батырлары болды. Бұл баяндамада олардың өмірі мен күресі терең талданып, соларқылы олардың қазақ қоғамындағы орны ашылады.

Арон Атабек пен Болат Атабаев – қазақ халқының еркіндігі, әділдігі және рухани байлығы үшін күрескен батырлар. Олардың қызметі тек саяси және мәдениет саласымен шектелмей, Қазақстанның рухани және әлеуметтік өміріне терең ықпал етті. Атабек пен Атабаевтың ерліктері мен шығармашылық еңбектері қазақ халқының ұлттық мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Олардың аты мәңгі ел есінде сақталып, болашақ ұрпаққа үлгі болады. Арон Атабек пен Болат Атабаев – қазақ халқы үшін ұмытылмас тұлғалар. Олардың ерлігі мен еңбектері болашақ ұрпаққа үлгі болып, ұлттық рухты сақтау мен дамытудың негізі ретінде есте қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атабек А. Ұлт тағдыры және еркіндік. — Алматы: Жазушы, 2008.
2. Атабек А. "Қазақ рухының күресі. — Астана: Әдебиет, 2010.
3. Баймұратов Қ. Қазақстанның саяси күрескерлері — Алматы: Ана тілі, 2016.
4. Қазақ диссиденттерінің тағдыры. — Астана: Рухани жаңғыру, 2019.
5. Желтоқсан оқиғалары. — Алматы: Тәуелсіздік, 1998.
6. Жаңаөзен оқиғалары: Қоғамдық пікір және БАҚ. — Алматы: Кітап, 2012.
7. Қуанышбеков Д. Атабаев Болаттың шығармашылық жолы. — Алматы: Өнер, 2020.
8. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі қайраткерлер. — Алматы: Тарихи мұра, 2017.
9. Рахметова А. Арон Атабек және Болат Атабаев: мәдениет пен саяси белсенділік. - Алматы: Зияткер, 2019.

ИЛИЯС ОМАРОВ ПЕН ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТИҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУДАҒЫ ОРТАҚ МИССИЯСЫ

Абдикаримова Ж.М.

Ғылыми жетекшісі: Гуманитарлық ғылымдар магистрі Байбосын Л.С.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

ajhazira@gmail.com

Арқалық .к.

Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібеков — қазақ халқының мәдениеті мен тарихының дамуына ерекше үлес қосқан ұлы тұлғалар. Олардың өмірі мен шығармашылығы қазақтың мәдени және рухани болмысының қалыптасуына, сонымен қатар ұлттық әдебиет пен тарихтың, өнердің, тіл мен мәдениеттің әлемдік деңгейде танылуына үлкен әсер етті. Қазақ мәдениеті мен тарихында айрықша орын алатын, ұлттың рухани байлығын сақтау мен дамыту жолында ұлы еңбек еткен тұлғалар. Екеуі де қазақ халқының әдебиеті, өнері, мәдениеті мен тарихын жаңғыртып, оны келер ұрпаққа жеткізуде орасан зор роль атқарды. Бұл тұлғалардың қоғамдағы ролі мен олардың жасаған жұмыстары қазіргі қазақ мәдениеті мен өнерінің дамуына үлкен ықпал етіп отыр.

Илияс Омаров — қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларының бірі әрі мәдениет қайраткері. Ол қазақ әдебиетінің өркендеуіне айтарлықтай үлес қосып, ұлттық тіл мен мәдениеттің сақталуына үлкен әсер етті. Омаровтың шығармалары қазақ халқының тұрмысын, дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын, ой-санасын, тарихи келбетін сипаттай отырып, қазақ мәдениетінің алуан түрлі қырларын көрсетті. Омаровтың еңбектерінде тіл мәселесін зерттеуге арналды. Ол қазақ тілінің байлығын, маңыздылығын ашып көрсетіп, оның әдебиет пен мәдениеттегі роліне ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар, ол қазақ тілінің мәртебесін көтеру және оны нығайту

жолында қажырлы еңбек етті. Оның шығармалары мен тіл туралы көзқарастары қазіргі әдебиетшілер мен тіл зерттеушілеріне маңызды ғылыми негіз болды. Омаровтың қазақ әдебиетінде ұлттық мұраға деген көзқарасы мен оның ұлт мәдениеті мен руханиятына қосқан үлесі бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді. Ол ұлттық сана мен тілдің маңыздылығын айтып, қазақ мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолында маңызды рөл атқарды. «Қисық тілді шығарма сақау адам секілді, кәрі құлақты кеседі, жас құлаққа жаман үлгі болады» деген екен.

1933 – 1936 жылдары Республиканың сауда саласында жауапты қызметтер атқарды. 1941 – 1945 жылдары Қазақ КСР Сауда халық комиссарының орынбасары әрі комиссары болып қызмет етті. Ол «Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хатын» ұйымдастыруда, 1944 жылдың желтоқсан айында Алматы қаласында өткен республикалық ақындар айтысын өткізуге қатысып, сондай-ақ «Қазақ КСР-інің ерте заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихының» басылым шығуына жетекшілік етті. Сонымен қатар, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты мен Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның құрылуына мұрындық болды[2].

1947 – 1952 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болды. 1949 жылы Мәскеуде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігін ұйымдастыруға жетекшілік етті. Омаров халық өнері, музыкасы және ауыз әдебиетін насихаттауда маңызды жұмыстар атқарды, сондай-ақ Шоқан, Ыбырай, Абайдың шығармаларын үлгі ретінде ұсынды. Омаров қазақ тарихындағы маңызды кезеңдерді сипаттай отырып, ұлттың өткені мен болашағы туралы терең ой қозғайды. Оның шығармаларының тарихилығы және ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі айрықша. Ол қазақтың ұлттық тарихының негізгі кезеңдеріне терең үңіліп, халықтың мәдени мұраларын сақтап, оны қазіргі заманғы қоғамға үйлестіру қажеттілігін атап көрсетті[2].

Өзбекәлі Жәнібеков — қазақ өнері мен мәдениетінің көрнекті тұлғасы, мәдениет саласында бүтін бір дәуірдің символы. Ол қазақ театры мен тарихының дамуына, ұлттық өнердің жаңаруына маңызды әсер етті. Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері тек театрмен ғана шектелмей, қазақ мәдениетінің барлық бағыттарына қатысты болды. Ол қазақ мәдениетінің әлемдік аренада танылуына және дамуына үлкен ықпал жасады. Өзбекәлі Жәнібековтің мәдениет саласындағы басшылық қызметі қазақ мәдениетінің әлемдік деңгейде танылуына үлкен әсерін тигізді. Жәнібеков қазақ театры мен музыкасының дамуына жетекшілік етті, сонымен қатар ұлттық өнердің жаңғыруына ықпал етті. Оның еңбектері қазақ мәдениетінің барлық саласын қамтыды, тек театрмен шектелмей, әдебиет, музыка, бейнелеу өнері және архитектурадан басқа да мәдениет салаларында маңызды жұмыстар атқарды. Ол ұлттық өнерді халықаралық аренада танытуға күш салды, соның нәтижесінде қазақ өнері мен мәдениетінің әлемдік деңгейде мойындалуына ықпал етті.

Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін сақтау және жаңғырту мәселелеріне де ерекше назар аударды. Ол ұлттық бірлікті нығайту және ұрпақтан ұрпаққа мәдени мұраны жеткізу бағытында көп күш-жігер жұмсады. Оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі қазақ мәдениетінің алтын қорына айналды, ал оның іздері бүгінгі күнге дейін сақталуда. Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениеті, ана тілі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының қайта жаңғырып, дамуына үлкен үлес қосқан тұлға болды. 20 ғасырдың 70-жылдарында ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруге бастамашы болды. Жәнібеков “Шертер”, “Адырна”, “Алтынай”, т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. “Наурыз” мейрамының, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Оның қаламынан шыққан бірнеше маңызды еңбектер бар «Қазақтың ұлттық қол өнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997)[3].

Ілияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібековтің ортақ мақсаттарының ең бастысы — қазақ халқының мәдениетін, әдебиетін пен тарихын сақтау және дамыту болды. Омаров қазақ әдебиетінің жаңа үлгілерін қалыптастырып, ұлттық тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған жұмыстар жүргізсе, Жәнібеков қазақ театры мен өнерін өркендетуде маңызды жұмыстар атқарды. Кейінгі ұрпақ үшін ұлттық мәдениеттің қайнар көзі мен құндылықтары бүгінгі таңда маңызды. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау мен дамыту жолында Омаров пен Жәнібековтің ізін жалғастыру қажет болғандықтан, олардың ортақ мақсаттарының зерттелуі қазіргі уақытта өзекті болып отыр. Омаров пен Жәнібеков қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған маңызды әрекеттер жасады. Олардың шығармашылығы мен қоғамдық қызметі халықтың тарихи мұрасын қайта тірілту және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге арналған болатын. Омаровтың әдеби шығармаларындағы ұлттық рух пен тарихи кезеңдердің көрінісі, сондай-ақ қазақ тілінің дамуына қосқан үлесі, Жәнібековтің қазақ өнері мен мәдениетін көтерудегі қызметі ұлттық сананы қалыптастыру мен жаңғыртуға бағытталды.

Ұлттық сана мен рухты дамыту, оны қазіргі заман талаптарына сәйкес бейімдеу мәселесі бүгінгі таңда аса маңызды болып табылады. Омаров пен Жәнібековтің ортақ мақсаттарына арналған зерттеулер ұлттық сананы сақтау мен дамыту жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Ілияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібековтің ортақ мақсаттарының ең бастысы — қазақ халқының тарихын сақтау және оны келешек ұрпаққа жеткізу болды. Омаров тарихи шығармалар арқылы қазақ халқының өткені мен бүгінін шынайы бейнелеп, ұлт тарихының мазмұнын ашты. Жәнібеков болса, қазақ театры мен өнерінің тарихын, ұлттық мұраны сақтап, халықтың рухани дамуында маңызды рөл атқарды. Бұл екі тұлғаның ортақ мақсаттарының зерттелуі қазақ тарихын толық түсіну мен ұлттық тарихи мұраны қорғау мәселелерін айқындауға көмектеседі.

Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібековтің ортақ мақсаты — қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен дамыту болғанын зерттеу нәтижелері көрсетеді. Олардың шығармашылығында қазақтың ұлттық тілінің байлығы мен қазақтың мәдени құндылықтары басым орын алған. Бұл тұжырымдама Омаров пен Жәнібековтің мәдениет саласындағы өзара ұстанымдары мен көзқарастарының сәйкес келетіндігін айқындайды. Жәнібеков өз естіліктерінде былай делінген. «Мен Илияс Омаровпен қайсы бір тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнер туындыларына партиялық тұрғыдан баға беруде жіберілген "кемшіліктер" үшін қуғын-сүргінге түсіп, қызметсіз де қалып, өмірден зәккі бола бастаған шағында таныстым. Бірақ ол ешқашанда қажыған, мойыған пиғыл көрсетпейтін, керісінше, өмірсүйгіштігімен, еңбекқорлығымен, іскерлігімен жұртты өзіне тартатын. Илияс Омаровтан кейін, сол секілді Қазақстан Компартиясы Орталық, комитетінің идеология жағын басқарған хатшыларының елтану мәселелеріне тікелей араласқандарын көрген емеспін. Көп оқығандығы сонша, дүниежүзілік немесе орыс классикасының, бұрын соңғы қазақ әдебиеті шығармаларының қай-қайсысынан болса да бетпебет үзінді келтіріп, пікір таластыра алатындықтан онымен тікелей қатынаста болу біз үшін үлкен мектеп болатын. Оның Қазақ республикасына сіңірген еңбегі, шығармашылығы өз алдына зерттеп, білуді қажет етегін құбылыс. Ілекеңнің әсіресе әдебиеттануда, публицистикада қалдырған мұрасын жинақтап бастыру кезек күттірмейтін нәрсе. Осындай күрделі тұлғаның ел алдындағы қызметіне лайықты баға беретін деректі фильм, радиотеледидар хабарларын ұйымдастыру қажет. Оны есте қалдырудың да шешімін таба алмай келе жатқаны өкінішті-ақ. Мұның өзі тек біз үшін ғана керек емес, жастарға, әсіресе болашақ ұрпаққа ізгілік, отаншылдық, рухта тәрбие беру ісіне қосылған үлес болар еді. Илияс Омаров шығармашылығын зерттеп, білу Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеумен тікелей айналысатындарға да үлкен көмек болатыны даусыз.» [1,405-406б.].

Қазіргі уақытта ұлттық тарихты дұрыс түсіну және оны жаңғырту мәселесі өзекті болып отыр. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту үшін Омаров пен Жәнібековтің қызметін зерттеу олардың тарихты танудағы және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолындағы ұлы еңбектерін кеңінен түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық сананы жаңғырту.

Қазақ халқының тарихи санасын жаңғырту, ұлттың өткенін дұрыс бағалау және оны болашақта лайықты түрде қолдана білу. Олар ұлт тарихын жаңғырту мен тарихи сананы қалыптастыру бағытында ерекше жұмыс жасай білді. Бүгінгі күнде бұл мәселе қазақ қоғамында маңызды жоғары өзекті мәселе болуы тиіс. Сондықтан олардың ортақ мақсаттарының зерттелуі қазіргі қоғамға ұлттық сана мен тарихты дұрыс ұғынуға септігін тигізеді. Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ мәдениетіне қосқан үлесі бүгінгі қоғам үшін аса маңызды. Олардың шығармашылықтары мен қоғамдық қызметтері ұлттық мәдениетті сақтап қалуға, оны дамытып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Омаров пен Жәнібековтің еңбектері қазіргі қазақ қоғамының мәдени, рухани өмірінде үлкен маңызға ие және олардың қызметін зерттеу мен насихаттау бізге ұлттық болмысымызды сақтап қалуға көмектеседі.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Өмір мен өнері. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) - Алматы: "Ана тілі" баспасы.
2. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/763>
3. https://nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=3452&catid=47&Itemid=127&lang=kz

ТАРИХТАҒЫ КҮРДЕЛІ ТҮЛҒА: СТАЛИН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫ

Абдрахман К.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., асс.профс Туякова А. Е.

Астана Халықаралық Университеті

korkemiese@icloud.com

Астана қ.

Жалпы әлемдік тарихта көптеген мемлекет қайраткерлері өздерінің әсерлі сөздерімен, баурап алатын харизмасымен халық қалаулыларына айналды. Ал авторитарлы, тоталитарлы мемлекеттерде бұл тұлғалық идеологияның қалыптасуына алып келді. Бұл идеологияның белсенді көрінісі ХХ басында байқалады. ХХ ғасырдың классикалық диктаторлары - фашистік Италиядағы Б. Муссолини, фашистік Германиядағы А. Гитлер, кеңестік Ресейдегі И. В. Сталин, Солтүстік Вьетнамның тұңғыш Президенті Хо Ши Мин, ҚХР-да Мао Цзэдунды атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта И.В. Сталиннің тұлғасы Ресейдің қоғамдық-саяси кеңістігінде ең көп талқыланатын және пікірталас тудыратын тақырыптардың біріне айналды. Соңғы жылдары И.В. Сталиннің есімі бұқаралық ақпарат құралдарында жиі көрініс табуда, сондай-ақ оның құрметіне ескерткіштер орнату бойынша қоғамдық бастамалар пайда болуда. Мәселен, 2017 жылы Мәскеу мемлекеттік заң академиясында И.В. Сталинге арналған мемориалдық тақта орнатуға байланысты кең көлемді қоғамдық пікірталас өтті. 2019 жылы Нижегород облысының Шахунья қаласындағы көпқабатты үйдің қабырғасында да И.В. Сталинге арналған мемориалдық тақта орналастырылды. Сол жылы қазан айында Хабаровск өлкесінің Сосновка ауылында И.В. Сталинге